● *Спорт*

# ЖАС ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚШЫ - АЙЯ

**Спорт саласы - Қазақстанда кең қолдауға ие. Қазақстандық спортшылар халықаралық жарыстарда, чемпионаттарда үздік нәтижелерді көрсетіп келеді. Алдыңғы аға буынның жолын қуып, дараланып жүрген жас тоғызқұмалақшылардың бірі – Айя Каркен.**

Айя Бауржанқызы 2013 жылы Ақсу қаласында дүниеге келді. Ол Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясында оқиды. Биыл 4-сыныпқа барады.

Айя 2020 жылдың қыркүйек айынан бастап тоғызқұмалақпен айналысады. Осы жылы Алматы қаласында өткен ҚР жасөспірімдер арасындағы Чемпионатта 9 жас қыздар арасында II орынға ие болып, спорт шебер үміткері атағын орындады. Тоғызқұмалақтан жаттықтырушысы, жоғары дәрежедегі білікті бапкер – Гүлжан Сапарова.

Айя кішкентай болса да бірқатар жарыстарда топ жарып үлгерді. Әлі де бағындырар белестері алда. Сонымен, ол 2020 жылы «Рухани жаңғыру» аясында тоғызқұмалақтан қалалық онлайн-турнирінің және 2021 жылы тоғызқұмалақ бойынша (блиц) 9, 11, 13, 15 жас аралығындағы жасөспірімдер мен қыздар арасындағы Павлодар облысының чемпионатының I орын жеңімпазы мен диплом иегері; Павлодар облысының тоғызқұмалақ құрамасының мүшесі, чемпионы, тоғызқұмалақтан 1 спорттық разряд иегері; ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, Ақсу қаласының 60 жылдығына арналған



қалалық онлайн-турнирдің II орын жеңімпазы; XIII республикалық турнир бойынша тоғызқұмалақтан 1 спорттық разряд иегері; Жалпы білім беретін мектептерге арналған зияткерлік олимпиадасының II дәрежелі диплом иегері; 2022 жылы VI республикалық тоғызқұмалақ ойынының II орын жүлдегері және т.б. марапаттары бар. Анасының айтуынша, Айя өте ақылды және білімпаз. Тоғызқұмалақ ойынын тез меңгеріп алған. Отбасында тек Айя ғана осы ұлттық ойынды кеңінен насихаттап, ата-анасын қуантуда.

Ұлтымыздың ежелден өшпей бүгінгі күнге жетіп, қазір қарқындап дамып келе жатқан құндылығымыздың бірі, ұлттық ойынымыз – тоғызқұмалақ. Бұл - халқымыздың тамырын тереңге жайған төл мұрасы. Сондай-ақ, әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен иық теңестіре алатын, қазақ халқының ежелден келе жатқан рухани, логикалық ойлау өнері. Бүгінде тоғызқұмалақ үлкен сұранысқа ие болып отыр.

Ендеше Айя Бауржанқызына тек қана алға дейміз! Үнемі тек жеңіс тұғырынан көріне бер.

**Ақмарал ЕРМАНАТ.**




● *Мереке*

# «ЖАҢА ЕГІННІҢ ЖЕМІСІ – АЛМА»

**Ақсу қалалық жағажайында «Жаңа егіннің жемісі – алма» атты мереке өтті. Оны ұйымдастырып өткізген «Славян» орталығының жетекшісі Валентина Солдаткина. Ол сөз сөйлеп, жиналған қауымды мерекемен құттықтады.**



Бұл күні Нина Курташева «Үнді бақыты», «Ромашки», Екатерина Селиванова «Шаршаған аққулардың махаббаты» әндерін орындады. «Рябинушка» ансамблі «Бұлттан ұшыңыз!», «Достар» ансамблінің әншісі Нұрлыбек Құрманғалиев «Мен қазақпын» әнін шырқап мерекенің ажарын аша түсті.





ансамблі «Косякинские страдания», «Эх, гармошечка играй», «Кубань – гармонь», «Крыницы» ансамблі «Маричка чичери», «Це край» әндерін орындаса, «Ақниет» халық ансамблі «Ақсу берекем» әнін, «Достар» балалар вокалдық

Мерекеде ойындар ойнатылып, жұмбақтар жасырылды. Шешімін тапқандарға алмадан сыйлықтар таратылды.

**Шамшат ЖҮНІСҚАЛИ.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**Жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдау «Павлодар облысы Ақсу қаласының Достық а.о. Пограничник ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы» жобасына өткізіледі.**

Ұсыныстар мен ескертулер Жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдау өтетін мерзім 12-і мен 16-шы қыркүйек 2022 ж. аралығында қабылданады.

Тапсырыс беруші: «Ақсу қаласының құрылыс бөлімі» ММ, Тел: Тел: 8 (7183) 724-411;

Құжаттаманы әзірлеуші: КБ «МунайГаз Инжиниринг» ЖШС, тел: 8 (7242) 20 01 10;

Жоба бойынша құжаттама https://ecoportal.kz/ сайтында орналасқан.

Ұсыныстар мен ескертулер Жергілікті атқарушы орган: «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ-і, тел: +7 7182 65-29-73 және https://ecoportal.kz/ сайтында қабылданады.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**Жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдау «Павлодар облысы Ақсу қаласының Мәмәйіт Омаров атындағы а.о. Еңбек ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы» жобасына өткізіледі.**

Ұсыныстар мен ескертулер Жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдау өтетін мерзім 12-і мен 16-шы қыркүйек 2022 ж. аралығында қабылданады.

Тапсырыс беруші: «Ақсу қаласының құрылыс бөлімі» ММ, Тел: Тел: 8 (7183) 724-411;

Құжаттаманы әзірлеуші: КБ «МунайГаз Инжиниринг» ЖШС, тел: 8 (7242) 20 01 10;

Жоба бойынша құжаттама https://ecoportal.kz/ сайтында орналасқан.

Ұсыныстар мен ескертулер Жергілікті атқарушы орган: «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ-і, тел: +7 7182 65-29-73 және https://ecoportal.kz/ сайтында қабылданады.

● *Қайырымдылық*

# ЖОМАРТ ЖАНДАРДЫҢ КӨМЕГІ

**Жаңа оқу жылы қарсаңында тұрмысы төмен отбасының балаларына «Ізгілік» еріктілер тобы көмек беруде.**

- Бұл «Ізгілік» тобы Береке ауылынан шыққан ауыл жастары. Бір ай болды облыс орталығынан аштық. Ондағы мақсатымыз – шалғай жатқан ауылдардағы балаларға қолұшын беру. Бізге жомарт жандар демеушілік жасап тұрады. Бірақ, олар аты-жөндерін жария етпеуді өтінді, - дейді Жансерік Съезбек.

Сонымен, «Ізгілік» еріктілер тобы Достық ауылдық округіне қарасты Береке, Спутник, Пограничник, Төртқұдық, Достық ауылдарында тұратын тұрмысы төмен отбаcы балаларына 30 сөмке сабаққа керек құралдарымен және 50 аяқ киім таратып берді.




**Шамшат ЖҮНІСҚАЛИ.**

AQJOL

МЕНШІК ИЕСІ:
"Ақсу қаласының ақпараттық орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор: Зада ХАЙРГЕЛЬДИН.
Редактор: Гүлбану ӨЗКЕЙ.

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы 23.10.2020 ж. №KZ04VPY00028281 куәлігі берілген.
Мекенжайы: 140100, Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Астана көшесі, 21а-үй. Телефон: 4-92-62. E-mail: aksu_zholy@mail.ru Пошта тел: 6-45-65.
Баспахана мекенжайы: Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй.

Таралымы 608 дана. Тапсырыс № 1376
Индексі 67269
Көлемі 3- б/т

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады. Редакция автордың көзқарасы үшін жауап бермейді. Хаттар, қолжазбалар, фотографиялар мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарға тегіс жауап беруді міндетіне алмайды. Жарнамалық материалдардың мазмұнына жарнама берушілер жауап береді. "Ақжолдан" алынған материалдарға сілтеме жасалуға тиіс.
Газет редакцияда терілін, беттеліп, Павлодар қаласы "Дом печати" ЖШС баспаханасында басылады. Газеттің сапасына, уақытында шығуына баспахана, ал мезгілінде табыс етілуіне пошта бөлімшесі мен редакция жауап береді. Газет тапсырыс берушінің файлынан басылды.